

«Ахмет Байтұрсынұлы  
атындағы  
Қостанай өңірлік университеті»  
КЕАҚ



НАО «Костанайский  
региональный университет  
имени Ахмет  
Байтұрсынұлы»

### **ШЕШІМІ**

Ғылыми кеңестің  
27.09.2024 ж.

Қостанай қаласы

### **РЕШЕНИЕ**

Ученого совета  
№ 13-1

город Костанай

Басқарма Төрағасы-Ректор С.Б. Қуанышбаевтың «Есепті кезеңдегі университет ұжымы жұмысының қорытындылары және 2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер» баяндамасын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес өткен оқу жылында университет ұжымы кадрларды даярлаудың жетекші өңірлік орталығы ретінде университет көрсететін білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша елеулі жұмыс жүргізгенін атап өтеді.

Сонымен қатар талдау көрсеткендей, университеттің қаржылық жағдайын одан әрі нығайту, талант-менеджмент жүйесін дамыту, экономикалық жоспарлауды тиімді ұйымдастыру, білім алушылар контингентін қалыптастырудың жаңартылған саясаты, оқу-тәрбие процесін, білім беру бағдарламалары мен ғылыми қызметті ұйымдастыруды жақсарту, соның ішінде ҒЗЖ нәтижелерін енгізу және коммерцияландыру қажет.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ғылыми кеңес

### **ШЕШТІ:**

1. Басқарма Төрағасы-Ректор С.Б. Қуанышбаевтың "Есепті кезеңдегі университет ұжымы жұмысының қорытындылары және 2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер" есебі бекітілсін.

2. Өңірлік еңбек нарығының жаңа сын-тегеуріндерін ескере отырып, форсайт-зерттеулер негізінде мазмұнды жетілдіру, жаңарту мақсатында білім беру бағдарламаларының тиімділігі мен рентабельділігі тұрғысынан талдау жүргізілсін.

Білім беру бағдарламалары бөлімі  
2025 жылғы 30 маусымға дейін

3. Қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) мазмұны кәсіби емес құзыреттерді қалыптастыру тұрғысынан қайта қаралсын.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор,  
білім беру бағдарламалары бөлімі, кафедра  
меңгерушілері  
2025 жылғы 30 наурызға дейін

4. Педагогтерді қайта даярлау туралы ереже әзірленсін.

Қосымша білім беру бөлімінің бастығы  
2024 жылғы 1 желтоқсанға дейін

5. ПОҚ біліктілігін арттырудың жыл сайын кемінде 5 жаңа бағдарламасын әзірлеу және іске асыру қамтамасыз етілсін.

Қосымша білім беру бөлімінің бастығы  
2025 жылғы 30 маусымға дейін

6. Біліктілікті арттыру курстарына құжаттар тапсыратын үміткерлер үшін университет сайтында онлайн-жазылу жүйесі әзірленсін.

Қосымша білім беру бөлімінің бастығы,  
бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу  
және сүйемелдеу бөлімінің бастығы, кафедра  
меңгерушілері  
2024 жылғы 30 желтоқсанға дейін

7. ПОҚ және университет қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың кешенді жоспары әзірленсін.

Қосымша білім беру бөлімі  
Кафедра меңгерушілері  
2024 жылдың 01 желтоқсанына дейін

8. Университеттің тартымдылығын халықаралық деңгейде арттыру мақсатында жаппай онлайн-курс әзірленсін және оны ірі әлемдік платформаларда орналастыру қамтамасыз етілсін.

Қашықтықтан оқыту бөлімінің бастығы  
Қосымша білім беру бөлімінің бастығы  
ПИ директоры, декандар  
Кафедра меңгерушілері  
2025 жылдың 01 қыркүйегіне дейін

9. Жас ғалымдардың гранттық қаржыландырумен ғылыми жобалар конкурстарына, стартаптарға қатысуы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 10%-ке арттырылсын.

Зерттеулер, инновациялар және цифрландыру  
жөніндегі проректор, ғылым және  
коммерцияландыру басқармасының бастығы  
ҚБ ҒЗИ директоры,  
Өңірлік «Smart-Орталық» директоры  
Кафедра меңгерушілері  
2025 жылдың 01 қыркүйегіне дейін

10. Шет тілінде білім беру контенті, сондай-ақ шет тілін меңгерген қызметкерлерді даярлауды көздейтін оқытуды интернационалдандыру жөніндегі ұзақ мерзімді кешенді карта әзірленсін.

Зерттеулер, инновациялар және цифрландыру  
жөніндегі проректор, басқарма,  
интернационалдандыру және академиялық  
ұтқырлық басқармасының бастығы  
2025 жылғы 30 қаңтарға дейін

11. ПОҚ ғылыми жарияланымдарының дәйексөзділік деңгейіне талдау жүргізілсін, оны арттыру жөніндегі іс-шаралар әзірленсін.

Ғылыми кітапхана бастығы

Ғылым және коммерцияландыру  
басқармасының бастығы  
2025 жылғы 1 қаңтарға дейін

12. Осы шешімнің әрбір тармағының орындалуы туралы ақпарат ғылыми кеңестің отырыстарында тыңдалсын.

Ғылыми кеңестің хатшысы  
шешімнің әрбір тармағының орындалу  
мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде

13. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңестің хатшысы



М. Хасанова